

AIX CSD

КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ

Осы Кастодиандық қызмет көрсету туралы шарт («Шарт»)

- (1) АХҚО-да 180840900020 тіркеу нөмірімен тіркелген, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/19, Астана, Қазақстан Республикасы мекенжайы бойынша орналасқан «Астана» Халықаралық қаржы орталығы Биржасының Орталық бағалы қағаздар депозитарийі» жеке компаниясы (бұдан әрі «**AIX CSD**»)

және

- (2) АХҚО Бизнесі жүзеге асыру қағидаларының мақсаттары үшін Жеке Клиент ретінде сыныпталатын осы құжатта көрсетілгендей, бірлесіп «**Тараптар**» деп, ал жеке «**Тарап**» деп аталатын осы Шартты сөзсіз қабылдайтын тұлға («**Клиент**») арасында жасалған.

КІРІСПЕ

Осы Шарт Клиенттердің Бағалы қағаздары мен Ақшалай қаражаттарына қатысты AIX CSD кастодиандық қызметтерін ұсынуды реттейтін ережелер мен шарттарды белгілейді.

AIX CSD кастодиандық қызмет көрсетуге АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетімен берілген (AFSA) коммерциялық лицензияға ие.

Тараптар әрқашан AIX CSD Бизнес-ережелерімен, мезгіл-мезгіл түзетулер енгізілетін AIX CSD процедураларымен және АХҚО-ның кез келген қолданылатын Заңдарымен, соның ішінде АХҚО-ның келісімшарттары туралы Ережемен әрқашан байланысты болып саналады, оларға бағынады және олармен реттеледі.

1. ТЕРМИНДЕРДІ ТҮСІНДІРУ

- 1.1. Осы Шартта пайдаланылатын бас әріппен жазылған терминдер мен тіркестер контексте AIX CSD Бизнес-ережелерінде, AIX CSD процедураларында, АХҚО Заңында (егер қолданылса) өзгеше айқындалмаса, келесі мағынағаларды білдіреді:

Шот – осы Шарт негізінде Депозитарийде құрылған AIX CSD номиналды иелік ету шоты шеңберінде Клиенттің атына ашылған жеке қосалқы шот;

Рұқсат етілген өнімдер – AIX CSD Бизнес-ережелерінде көрсетілген мәнге ие өнімдер;

АХҚО заңдары – мерзімді енгізілетін түзетулермен «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы Заңын білдіреді;

АХҚО Бизнесі жүзеге асыру Ережелері – 2017 жылғы № 4 АХҚО шеңберінде Бизнесі жүзеге асыру Ережелері ;

AIX – Қосымшаның иесі болып саналатын АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Биржасы» жеке компаниясын білдіреді;

AIX CSD Бизнес-ережелері – мезгіл-мезгіл өзгеруі және/немесе толықтырылуы мүмкін AIX CSD Бизнес-ережелерін білдіреді;

AIX CSD тарифтер Кестесі – AIX CSD веб-сайтында жарияланған немесе Клиентке жіберілген және мезгіл-мезгіл өзгеруі мүмкін AIX CSD тарифтерінің кестесін білдіреді;

AIX CSD процедуралары – AIX CSD шығарған және мән-жайға байланысты AIX CSD және/немесе кез келген басқа Тараптың жұмысына қатысты спецификацияны және/немесе нұсқаулықты білдіреді;

Қосымша – кастодиандық қызметтерге байланысты соның ішінде қашықтан тексеру (KYC), тіркеу, Клиентті сәйкестендіру, клиентпен байланыс, клиенттер туралы есеп беру және корпоративтік қызметтерге жәрдемдесуді қоса алғанда Клиент пен AIX CSD арасында ақпарат алмасуды жеңілдету мақсатында «Tabys» сауда белгісімен және айрықша емес негізде AIX CSD лицензияланған мобильді қосымшаны білдіреді. Қосымшаны Клиенттің жеке құрылғыларына жүктеуге болады және Қосымшаның құжаттамасына сәйкес пайдалануға болады;

Қосымшаның құжаттамасы – Қызмет көрсету шарттарын, Құпиялылық саясатын және Инвесторлық келісімді білдіреді; оларға Қосымшаны пайдалану ережелері мен шарттарын белгілейтін мезгіл-мезгіл түзетулер енгізілуі мүмкін;

Жұмыс күні – Астана уақыты бойынша 9.00 – 18.00 аралығындағы (сенбі, жексенбі немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелерінен басқа) кез келген күнді білдіреді;

Қаржылық шот – Жеке клиентке тиесілі және бекітілген есеп айырысу банкінде ашылған AIX CSD номиналды шотында сақталатын Клиенттің қаражатын көрсететін шоттың бөлігі болып саналатын жеке клиенттік шот;

Корпоративтік әрекет – Бағалы қағаздарды ұстаушыларға тікелей әсер ететін дивидендтер немесе

купондар төлеу, өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін негізгі қарызды төлеу немесе Клиентке Эмитенттен төленетін басқа төлемдер, дауыс беру құқығын жүзеге асыру, Бағалы қағаздарды бөлу, корпоративтік қайта құру және Эмитент жүзеге асыратын басқа да іс-әрекеттерді қоса алғанда Эмитенттің Бағалы қағаздарға қатысты жасаған корпоративтік әрекеттерін білдіреді;

Құпия ақпарат – осы Шартқа байланысты бір Тарап екінші Тарапқа ашқан барлық құпия ақпаратты (қалай жазылғанына немесе сақталғанына қарамастан) білдіреді, оның ішінде (а) іскер тұлға құпия деп санайтын : (i) бизнеске, жұмыстарға, тұтынушыларға, Клиенттерге, тапсырыс берушілерге, жоспарларға, ниеттерге немесе нарықтық мүмкіндіктер тиесілі Тарапқа (немесе AIX CSD оларға тиесілі болып табылатын компаниялар тобының кез келген мүшесінің қатысты; және (ii) операциялар, процестер, өнім туралы ақпарат, ноу-хау, конструкциялар, коммерциялық құпиялар немесе AIX CSD бағдарламалық жасақтамасы (немесе AIX CSD тобының кез келген мүшесі); және (b) осы Шартты орындау барысында AIX CSD алған кез келген ақпарат;

Клиенттің ақшалай қаражаты – АХҚО Бизнесі жүзеге асыру қағидаларының 8.2.1 тармағында көрсетілген мәнге ие;

Депозитарий – AIX CSD Бизнес-ережелеріне сәйкес AIX CSD басқаратын депозитарийді білдіреді;

Кастодиандық қызметтер – AIX CSD тарапынан Клиентке Бағалы қағаздарға қатысты көрсетілетін қызметтерді білдіреді, оның ішінде мынадай қызметтер: Бағалы қағаздарға қатысты құқықтарды электрондық есепке алу, Бағалы қағаздарға меншік құқығын электрондық түрде беру, Шоттарды ашу және жүргізу, Бағалы қағаздарды және/немесе Бағалы қағаздарды ұстаудан туындайтын немесе оларға байланысты Клиенттің ақшасын осындай Шоттарға есепке жатқызу және/немесе олардан есептен шығару, сондай-ақ Корпоративтік әрекеттерді жүзеге асыруға жәрдемдесу.;

Алымдар – осы Шарттың 3.4. тармағына сәйкес кастодиандық қызметтерге Клиент төлеуге міндеттелетін (бар болған жағдайда) AIX CSD тарифтер Кестесіне сай алымдарды білдіреді.

Топ – АХҚО Глоссарийінде анықталған мәнді білдіреді;

Эмитент – кез келген Бағалы қағазға қатысты ол шығарылған немесе шығарылуы тиіс заңды тұлғаны, оның ішінде ұсыныс материалдарына сәйкес Эмитент атынан әрекет ететін агентті білдіреді;

Зияткерлік меншік – AIX CSD және / немесе оның еншілес тұлғаларына тиесілі кез келген зияткерлік меншік құқығын білдіреді;

Өкілдер – Тарап тиісті түрде уәкілеттік берген оның қызметкерлерін, лауазымды тұлғаларын, өкілдерін және/немесе кеңесшілерін білдіреді;

Жеке клиент – АХҚО Бизнесі жүзеге асыру қағидаларының 2.2.1 тармағында көрсетілген мәнді білдіреді;

Санкциялар – барлық қолданылатын экономикалық немесе қаржылық санкцияларды, сауда эмбаргосын немесе шектеу шараларын білдіреді, соның ішінде кез келген санкциялар туралы заңдарды, нормативтік актілерді, орындауға қолданылатын немесе күшіне енген, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің, Еуропалық Одақтың, Біріккен Корольдіктің реттеуші өкілеттіктері бар үкіметтік органдардың (соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, НМ қазынашылығы), Америка Құрама Штаттары (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Америка Құрама Штаттарының шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) арқылы), Қазақстан Республикасы немесе басқа юрисдикциялардағы шектеу шараларын қабылдайтын кез келген басқа ұқсас орган әрбір нақты жағдайда осы шара қолданылатын шамада шектеу шараларын қабылдау;

Санкциялық оқиға – Клиентке санкцияның салынуы мән-жайын білдіреді;

Бағалы қағаздар – АХҚО заңнамасына сәйкес материалсыздандырылған нысанда шығарылған, Рұқсат етілген өнімдер ретінде сараланатын акцияны, борыштық міндеттемені, варрантты, сертификатты, құрылымдық өнімді, бірлікті білдіреді;

1. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

- 1.1. Қолданылудың басталуы. Осы Шарт Қосымша арқылы Клиент үшін Депозитарийде Шотты тіркеу және ашу арқылы жүзеге асырылған Шарттың ережелерін болжамды немесе тікелей қабылдағаннан және оған қосылғаннан кейін күшіне енеді.
- 1.2. Шарттың қолданылу мерзімі. Осы Шарт аталмыш Шарттың 11 тармағына сәйкес тоқтатылғанға дейін әрекет етеді.

2. КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

- 2.1. AIX CSD Клиентке осы Шарттың талаптарына сәйкес кастодиандық қызмет көрсетеді.
- 2.2. Шотты пайдалану. Шот – Қаржылық шотқа есептелген Бағалы қағаздар мен Клиенттің ақшалай қаражатын қабылдауға, сақтауға және қызмет көрсетуге арналған және тек осы құжатта көзделгендей, кастодиандық қызметтер үшін немесе соған байланысты пайдаланылуы тиіс сауда-саттыққа арналмаған шот.

- 2.3. Клиенттің қаражаты – АХҚО бизнесті жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес қорғалатын Қаржылық шотқа есептелген Клиенттің қаражаты (Клиент немесе Эмитент жасаған немесе сеніп тапсырған Корпоративтік әрекет нәтижесінде бөлінген) тек Бағалы қағаздарға жазылу үшін пайдаланылуы тиіс немесе тек Клиентпен ғана шешілуі тиіс.
- 2.4. Клиенттің қаражатын шешу тек Клиенттің атына тіркелген банктік шотқа немесе клиенттің атына тіркелген банктік картаға жасалуы мүмкін. Банктік карта немесе шот болсын, ақшаны шешу тәсілі AIX CSD белгілеген алу лимитімен анықталады. Депозитарлық қызметтер үшін алым әрбір Қаржылық шотты қаражатпен толықтыру немесе қаражатты шешу сомасының 0,5% құрайды.
- 2.5. Инвестор Қаржылық шотқа қаражат салған соң ол тек Қаржылық шот арқылы сатып алу операцияларын жасай алады. Инвестордың банктік картасын пайдалана отырып, сатып алу-сату операцияларын жүргізу тікелей мүмкін емес. Мәмілелер Бағалы қағаздар ұсынылатын валютада жүргізілуі керек және мәмілелер жасау үшін төлемдер ұсынылған кезде тапшылықты жабу үшін Қаржылық шоттарды кезек-кезек пайдалануға болмайды.
- 2.6. Клиент AIX CSD-ге AIX CSD-нің Іскерлік қағидалары мен AIX CSD рәсімдеріне сәйкес AIX CSD талап ететін барлық ақпаратты қамтитын нұсқауды custody@aix.kz электрондық поштасы арқылы немесе осы мақсат үшін AIX CSD айқындаған функционал арқылы, оның ішінде Қосымша арқылы ұсыну жолымен Бағалы қағаздарды (қолданылатын болса) өзінің AIX CSD қатысушысы болып табылатын AIX сауда мүшесінде ашылған брокерлік шотына аударуды сұрата алады. Осындай кез келген қосымша тәсіл және нұсқауларды ұсынудың қолданылатын тәртібі AIX CSD тарапынан aixkz.com веб-сайтында жарияланады.
- Шот банктік салым үшін шот ретінде немесе АХҚО және/немесе ҚР заңнамасына сәйкес белгіленген қандай да бір жинақ шоты ретінде қаралмауы тиіс, сондықтан Қаржылық шотта сақталатын Клиенттің ақшалай қаражаты үшін кепілдік берілмейді және сақтандырылмайды, және бұл қаражатқа пайыздық мөлшерлеме есептелмейді.
- 2.7. Бағалы қағаздарды Клиенттің Шотына есепке жатқызу немесе Клиенттің Шотынан аудару custody@aix.kz электрондық поштасына жіберілген сұрау салу бойынша жүзеге асырылуы мүмкін немесе қолжетімді қалдық AIX CSD осы мақсат үшін айқындаған функционал арқылы жүргізілуі мүмкін. Осындай кез келген қосымша тәсіл және нұсқауларды ұсынудың қолданылатын тәртібі AIX CSD тарапынан aixkz.com веб-сайтында жарияланады.
- 2.8. Төлемдерді өңдеу үшін алымдар. Клиент Қаржылық шотты толтыру, аударым және қаражатты шешу, дивидендтер алуға және дивидендтерді Қаржылық шоттан Клиенттің банктік шотына/картасына аударуға байланысты барлық комиссияларды, алымдарды, салықтарды, банк ұсынатын төлемдерді өңдеу қызметтері үшін алымдарды, эквайринг қызметтерін, қаржылық және агенттік қызметтерге байланысты алымдарды төлейді және/немесе AIX CSD осындай қаражатты Клиенттің банктік шотынан/картасынан тиесілі сомаларды дебеттей алады; және Клиенттің алдын ала келісімі осы Шартқа сәйкес берілген болып есептеледі.
- 2.9. Валюта айырбастау. Клиент теңгеден басқа валютада ашылған Қаржылық шотты толтыру, аудару және банктік картаға қаражатты шешу кезінде Клиенттің өзі есеп айырысу банкінен валюта айырбастауды сұрайтынын түсінеді, бұл ретте Клиент AIX CSD-ге осындай сұраныстарға жәрдемдесе отырып, қолданылатын нормативтік және банктік шектеулерге келіседі, валюталық операцияларға, төлемдерге төлемдерді өңдейтін банк (банктер) белгілеген айырбастау бағамдары бойынша валюта айырбасталуы мүмкін, бұл Клиентке төлеуге тиісті соманың өзгеруіне әкеледі.
- 2.10. Егер Клиент Бағалы қағаздарға жазылу үшін төленген Клиенттің ақшалай қаражатының жеткіліксіздігі себебінен Бағалы қағаздарды алмаса, онымен байланысты кез келген қауіптер, соның ішінде валюта бағамдарының ауытқуымен немесе орындалған өтінімдердің күшін жоюмен байланысты қауіптер Клиентке жүктеледі.

3. КЛИЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Клиенттің міндеттері:

- 3.1.1. AIX CSD талап ететін барлық ақпаратты, деректерді, құжаттаманы AIX CSD осы құжаттарды, соның ішінде берілген ақпаратқа, деректерге немесе құжаттамаға кез келген өзгерістерді сұраған күннен бастап дереу қамтамасыз етуге;
- 3.1.2. Клиент бұрын ұсынған ақпарат пен құжаттарға, оның ішінде банктік шот деректемелеріне, жеке басын куәландыратын құжаттарға, төлқұжаттарға, байланыс және авторизация деректемелеріне және кез келген басқа ақпаратқа шектеусіз кез келген өзгерістер туралы AIX CSD-ге дереу хабарлау;
- 3.1.3. AIX CSD ұсынатын барлық ақпараттың, деректердің және құжаттаманың шынайы, дәл, толық және жаңылыстырылмауын қамтамасыз етуге;

3.1.4. осы Шартқа, AIX CSD Бизнес ережелеріне және AIX CSD процедураларына байланысты AIX CSD орынды түрде сұраған кез келген басқа ақпарат пен көмекті жедел қамтамасыз етуге міндетті.

4. ТӨЛЕМДЕР МЕН ШЫҒЫНДАР

- 4.1. Осы Шартқа сәйкес Клиент AIX CSD-ге барлық комиссиялардың, алымдардың және басқа алымдардың жиынтығын төлеуге міндетті немесе AIX CSD Клиенттің Шотынан осындай сомаларды есептен шығара алады; және мұнда Клиенттің алдын-ала келісімі осы Шартқа сәйкес берілген болып саналады. AIX CSD сондай-ақ Клиенттің атына ресімделген Ақша шотынан немесе банктік шоттан, банк картасынан немесе өзге де төлем құралынан тиісті Ақша шотына, банктік шотқа, банк картасына немесе өзге де төлем құралына қате есепке жазылған кез келген соманы, оның ішінде қайталанған, дұрыс жүргізілмеген немесе өзге де қате операцияның, сондай-ақ AIX CSD, кез келген есеп айырысу банкі, төлем процессоры немесе Кастодиандық қызметтер көрсетуге қатысатын өзге де үшінші тұлға өңдеу немесе салыстырып тексеру кезінде жіберген қатенің салдарынан есепке жазылған соманы есептен шығаруға құқылы. Мұндай есептен шығару сомасы қате есепке жазылған сомадан аспауға тиіс. Егер Ақша шотындағы немесе банктік шоттағы, банк картасындағы немесе өзге де төлем құралындағы қалдық толық соманы есептен шығаруға жеткіліксіз болса, Клиент AIX CSD-ге жетіспейтін соманы төлеуге міндетті болып қала береді, ал бұл сома AIX CSD-нің талабы бойынша өтелуге жататын берешек болып табылады. Клиенттің осы тармақта көзделген кез келген есептен шығаруға келісімі осы Шартқа сәйкес AIX CSD-ге берілген болып есептеледі.
- 4.2. Осы Шарттың 4.1 тармағына сәйкес төлем жасай алмау Шарттың бұзылуын білдіреді және AIX CSD-нің барлық басқа құқықтары мен құқықтық қорғау құралдары (шарттық құралдарды да, сонымен қатар туындауы мүмкін құралдарды да) өзінде сақталады. AIX CSD осы Шарттың 4.1 тармағына сәйкес Клиенттің төлем жасай алмау нәтижесінде және өзінің құқықтары мен құқықтық қорғау құралдарын жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын (күтілетін пайданы немесе деректерді жоғалтуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) кез келген тікелей немесе жанама, ерекше немесе ілеспе залалдар үшін ешбір жағдайда жауапты болмайды.
- 4.3. Егер Клиент 4.1 тармаққа сәйкес төлемдерді жүзеге асырмаған жағдайда, AIX CSD Клиенттің Депозитарийдегі Шотында сақтаулы Бағалы қағаздарын AIX CSD тиесілі барлық комиссиялардың, алымдардың және басқа да алымдардың төленуін қамтамасыз ету үшін кепіл ретінде бұғаттай алады. Клиент кепіл нысанасы болып саналатын Бағалы қағаздармен қандай да бір операцияларды жүзеге асыра алмайды, сондай-ақ 4.1 тармаққа сәйкес өз міндеттемелерін орындамаған кезеңде Депозитарийдегі Шоттан қандай да бір қаражат алуды жүзеге асыра алмайды.
- 4.4. Тараптар AIX CSD мен үшінші тарап арасындағы келісім негізінде үшінші тараптан осы Шартқа сәйкес Клиент жүргізетін төлемдерді қабылдайтынына келіседі.

5. ҚҰЖАТТАРДЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ

- 5.1. 5.2-тармаққа сәйкес, Клиент AIX CSD кез келген құжаттың дұрыстығын және түпнұсқалығын немесе оған ұсынылған кез келген құжаттың орындалуын тексеруге міндетті емес екендігімен келіседі және AIX CSD кез келген түрдегі жалған немесе шындыққа сәйкес келмейтін кез келген құжаттарды жарамды деп тану себебінен Клиент алдында жауап бермейді.
- 5.2. Егер негізді түрде жарамсыз болып көрінсе немесе нақты істің мән-жайы AIX CSD-де қолтаңбаның немесе мөрдің ықтимал жарамдылығына күмән келтіруге негіз болатын болса, AIX CSD құжаттың жарамдылығын тексеру үшін орынды шараларды қабылдауы, оның ішінде құжаттардың негізділігінде күдік туындаған жағдайда Кастодиандық қызметтерін көрсетуден бас тартуы тиіс. AIX CSD Клиент алдында немқұрайлылық үшін немесе басқаша жағдайда, егер мұндай орынды қадамдарға қарамастан, құжат қабылданып, кейіннен жарамсыз деп танылса, жауапты емес.

6. ҚҰЖАТТАРДЫ САҚТАУ

- 6.1. Клиент AIX CSD-ге Бағалы қағаздарды Депозитарийде сақтауға қатысты жазбалар мен құжаттарды, сондай-ақ заңда белгіленген сақтау мерзімдеріне сәйкес дербес деректерді сақтауға және жоюға өкілеттік береді.
- 6.2. Клиент көшірмелер электронды түрде қолжетімді болса, құжаттар AIX CSD-де сақталған деп есептелетінін растайды және келіседі. Құжаттың электрондық көшірмесі болған жағдайда, AIX CSD құжаттарды қағаз түрінде сақтауға міндетті емес.
- 6.3. Егер заңмен өзгеше талап етілмесе, AIX CSD жазбаларды оларға тиесілі күннен бастап кемінде 7 (жеті) жыл сақтайды.

7. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

- 7.1. Тараптардың әрқайсысы барлық Құпия ақпаратты қатаң түрде құпия сақтайды және: (а) осы Шарт бойынша немесе оған байланысты өз міндеттемелерін орындау немесе орындау мақсаттарын қоспағанда («Рұқсат етілген мақсат») мұндай Құпия ақпаратты пайдаланбауы керек; немесе (b) осы 8 тармақпен тікелей рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, мұндай Құпия ақпаратты толық немесе ішінара кез келген үшінші тарапқа ашпауы тиіс. Тарап Құпия ақпаратты (1) рұқсат етілген мақсатта осындай Құпия ақпаратты білуі қажет өз Өкілдеріне; (а) мұндай Өкілдерді жария етпес бұрын Құпия ақпараттың құпиялылығы туралы хабардар еткенде; және (b) ол өзінің Өкілдерінің өздеріне ашылған кез келген Құпия ақпаратқа қатысты осы Шарттың тарабы ретінде осы 8 тармақта көрсетілген міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді және ол әрқашан кез келген Өкілдердің осы 8-тармақта белгіленген міндеттемелерді орындамауы; немесе (2) мұндай Құпия ақпаратты заңмен, кез келген үкіметтік немесе басқа реттеуші органмен немесе сот немесе құзыретті юрисдикцияның басқа органы жария етуге заңмен рұқсат етілген жағдайда аша алады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 8.1. AIX CSD Бағалы қағаздарға инвестициялаудың орындылығына, сондай-ақ кез келген бағалы қағаздарға немесе жалпы инвестицияларға қатысты ешқандай мәлімдеме (жазбаша немесе ауызша) жасамайды және ешқандай кепілдік бермейді.
- 8.2. AIX CSD Клиентті хабардар етуге немесе сатып алуларға, басқа ұсыныстарға, капиталды қайта ұйымдастыруға немесе корпоративтік іс-шараларға, осы корпоративтік әрекеттерді жүзеге асыруға немесе Шотта тіркелген Бағалы қағаздарға қатысты дискрециялық әрекеттерді талап ететін кез келген басқа қадамдарға байланысты кез келген мәлімдемелерге жауапты емес.
- 8.3. Осы Шарт бойынша AIX CSD-нің міндеттері қатаң министрлік сипатта болады және осы Шартта тікелей көрсетілген міндеттермен шектеледі. Осы Шарт бойынша AIX CSD-ге ешқандай сенімгерлік міндеттемелер жүктелмейді.

9. ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 9.1. Клиент AIX CSD, оның аффилирленген тұлғалары мен оның және олардың тиісті директорларын, лауазымды тұлғаларын, қызметкерлері мен агенттерін кез келген және барлық шығындардан, міндеттемелерден, сот шешімдерінен, талап-арыздардан, әрекеттерден, нәтижесінде немесе соған байланысты туындайтын сот процестерінен, талаптардан, өсімпұлдардан, залалдардан немесе шығындардан (оның ішінде ақылға қонымды заңгерлік төлемдер) келесі жағдайларға байланысты қорғайды және өтейді: (i) AIX CSD-нің аффилирленген тұлғаларының сондай-ақ оның және олардың тиісті директорларының, лауазымды тұлғаларының, қызметшілері мен агенттерінің клиенттің сұрау салуы, нұсқауы немесе нұсқауы бойынша немесе осы Шарт бойынша оның міндеттемелерін орындау (немесе болмауы) нәтижесінде жасаған кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі; (ii) Клиенттің осы Шартты немесе АХҚО-ның кез келген қолданыстағы заңдарын бұзуы; және (iii) Клиент осы Шартқа сәйкес Клиентке көрсетілетін қызметтерге қатысты әрекет ететін немесе әрекет етуге ниетті кез келген үшінші тарап AIX CSD ұсынған кез келген шағымдар; және (iv) Депозитарийге қосылудың мүмкінсіздігі немесе кез келген басқа жүйенің қандай себеп болса да істен шығуы, Депозитарийге кіруді реттейтін Клиенттің жүйелері мен бақылауындағы ақаулық немесе Шотты рұқсатсыз пайдалануды қоса; және (v) AIX CSD-ге байланысты емес әрекеттер және (vi) осы Шарттың 16-тармағында (Форс-мажор) анықталған кез келген басқа оқиғаларға байланысты шығындарды өтейді.
- 9.2. Қандай жағдайда болсын, AIX CSD жауапкершілігі тікелей залал мөлшерімен шектеледі және орындалмаған транзакция сомасынан аспауы тиіс.
- 9.3. Осы Шартта ешнәрсе заңмен немесе нормативтік құқықтық актілермен тыйым салынған дәрежеде Тараптардың қасақана теріс әрекетіне немесе алаяқтығына тікелей қатысты болуы мүмкін кез келген талаптарды жоққа шығармайды немесе шектемейді.

10. ШАРТТЫ БҰЗУ

- 10.1. 10.2-тармаққа сәйкес, төменде көрсетілген жағдайларда AIX CSD Кастодиандық қызметтерді ұсынуды тоқтата алады, Шотты бұғаттай алады немесе жазбаша түрде дереу күшіне енетін хабарлама арқылы осы Шартты бұза алады:
- 10.1.1. Клиент қандай да бір өзгерістер болған жағдайда ақпарат пен құжаттарды уақытылы

- жаңартпаса;
- 10.1.2. Клиент ескертуден кейін қандай да бір елеулі бұзушылық, ескерту алғаннан кейін осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін, АХҚО-ның кез келген қолданыстағы заңнамасының, Қосымшасының құжаттамасын немесе кез келген талаптарын бұзса және оны қайталаса немесе жалғастыра берсе;
- 10.1.3. Клиент AIX CSD бизнесіне немесе беделіне нұқсан келтіретін немесе келтіруі мүмкін кез келген әрекетке немесе әрекетсіздікке, абайсыздыққа кінәлі болса;
- 10.1.4. Бұл Заң мен AIX CSD бизнес-ережелерінің талаптарына, AIX CSD процедураларына сәйкес талап етіледі; немесе
- 10.1.5. Санкциялық оқиға орын алса және жалғасуы тоқтатылмаса және/немесе AIX CSD келесі жағдайларда кастодиандық қызметтер (i) Санкцияларға байланысты тәуекелдерге байланысты AIX Тобының бизнесіне елеулі жағымсыз әсер етуі мүмкін немесе (ii) AIX CSD-ге немесе оның еншілес тұлғаларына немесе олардың директорларына, лауазымды тұлғаларына, агенттеріне немесе қызметкерлеріне қатысты Санкциялардың салынуына әкелуі мүмкін немесе (iii) AIX Тобының мүдделі тараптарының, тұтынушыларының немесе контрагенттерінің қолданыстағы Санкцияларды бұзуына себеп болады деп сенсе.
- 10.2. Осы Шарттың қолданылуын тоқтату 11.1-тармаққа сәйкес осы Шарттың 11.1-тармағында көрсетілген тәсілмен бұзу туралы хабарлама тапсырылған күннен бастап күшіне енеді. 11.1-тармаққа сәйкес Шарт бұзылған жағдайда Клиент хабарламада белгіленген мерзімде AIX CSD-ге аударуды тапсыруға міндетті: 1) өзінің бағалы қағаздарын AIX CSD мүшесі болып саналатын AIX сауда қатысушыларынан ашқан брокерлік шотқа; және 2) өзінің Клиенттің ақшалай қаражатын Клиенттің атына ашылған банктік шотқа немесе картаға аударуға. Клиенттің AIX CSD нұсқауларын белгіленген мерзімде орындамауы шартты бұзу болып саналады және AIX CSD-ге кез-келген құралдарды, соның ішінде AIX CSD алдындағы кез-келген төленетін міндеттемелерді есепке алуды қолдану құқығын береді.
- 10.3. AIX CSD кемінде 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлама жібере отырып, басқа себептерге байланысты осы Шартты бұза алады.
- 10.4. Егер Клиенттің Шотында 6 (алты) айдан астам Бағалы қағаздар болмаса, AIX CSD Шотты біржақты жаба алады.
- 10.5. Клиент осы Шарттың 11.2 тармағына қарамастан, 12 тармақты және AIX CSD-нің барлық басқа да орынды талаптарын сақтаған жағдайда, осы Шартты Қосымша арқылы Шотты жабу арқылы бұза алады.
- 10.6. Осы Шарттың Құпиялылыққа (8 тармақ) және Өтемақы мен жауапкершілікке (10 тармақ) қатысты ережелері осы Шарт тоқтатылғаннан кейін де күшінде болады.

11. ШАРТТЫ БҰЗУДЫҢ САЛДАРЫ

- 11.1. Шартты бұзу кезінде:
- 11.1.1. әрбір Тарап тоқтату күшіне енген күні басталған кез келген транзакцияны аяқтауға міндеттенеді;
- 11.1.2. Тараптардың әрқайсысы осы Шартта көзделген шаралардан кезең-кезеңімен бас тартудың Клиент, бизнес немесе Тараптардың беделі үшін тиімді және теріс салдарсыз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін барлық орынды қадамдар жасауға келіседі;
- 11.1.3. егер Клиент қандай да бір AIX CSD-ге төленуі тиіс алымдары болса, Клиент мұндай соманы осы Шарттың ережелеріне және AIX CSD тарифтер Кестесіне сәйкес төлеуге міндетті.
- 11.2. Егер қандай да бір міндеттеме анықталмаса, AIX CSD осы міндеттемені адал бағалай алады және AIX CSD осындай міндеттеме белгіленгеннен кейін оның есебін түзеткен жағдайда, осы міндеттеме бойынша есептеме бере алады.

12. ШАРТТЫҢ АЙРЫҚША ЕМЕС СИПАТЫ

- 12.1. AIX CSD кез келген басқа тарап үшін ол орынды деп санайтын шарттарда кастодиан ретінде әрекет ете алады және осындай міндеттерді орындау кезінде өзіне белгілі болуы мүмкін немесе оған айналуы мүмкін Қызметтерді көрсетуден басқа кез келген жағдайда білуі мүмкін кез келген мәселелерді Клиентке ашуы талап етілмейді.

13. АГЕНТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ

- 13.1. Кастодинадық қызметтерін ұсыну кезінде AIX CSD орынды деп санауы мүмкін (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, корпоративтік тексеру, деректерді тарату, сақтау, енгізу және компьютерлерде өңдеу) белгілі бір мамандандырылған мәселелерді шешу үшін агенттерді жалдауға құқылы.

14. ХАБАРЛАМАЛАР МЕН ШАҒЫМДАР

- 14.1. Осы Шартқа сәйкес әрбір хабарлама немесе басқа хабарлама Қосымша көмегімен веб-сайтта жариялау арқылы жасалуы керек aixkz.com.
- 14.2. AIX CSD барлық Клиенттер үшін AIX веб-сайтында кез келген хабарламаны орналастыруға құқылы, ол тиісті хабарлама ретінде қарастырылуы керек.
- 14.3. AIX CSD веб-сайтында орналастырылған хабарлама Қосымша арқылы push-хабарламаларды алған, жарияланған кезде адресат тиісте түрде алған болып есептеледі.
- 14.4. Шартқа қол қою арқылы Клиент AIX CSD Қосымшасы арқылы push-хабарламаларды алуға келіседі. Клиент құрылғы параметрлері арқылы push-хабарламаларды алудан бас тартуы мүмкін, алайда мұндай push-хабарламаларды алмай Кастодиандық қызметтерді пайдалануға әсер етуі мүмкін.
- 14.5. AIX CSD Клиенттің кез келген шағымдарын AIX CSD Бизнес-ережелеріне сәйкес қарастырады.

15. ФОРС-МАЖОР

- 15.1. Форс-мажорлық жағдайларда, атап айтқанда, өрт, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар және мемлекеттік органдардың міндетті болып саналатын нормативтік нұсқаулары орындамау салдарына байланысты оқиғалар туындаса және мұндай жағдайлар Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей әсер еткен жағдайда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 15.2. Зардап шеккен Тарап осындай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Хабарлама ұсынбау немесе уақытылы хабарламау, мұндай ұсынбау/уақытылы хабарламау еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындаған жағдайларды қоспағанда, Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босату үшін негіз ретінде жоғарыда аталған мән-жайлардың кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады.

16. ТАРАПТАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ, КЕПІЛДІКТЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

- 16.1. Клиент:
 - 16.1.1. ол ұсынған ақпарат, құжаттар шынайы, толық, дұрыс әрі жаңылыстырмайтын және ақпараттың, деректердің, құжаттаманың, соның ішінде, банктік деректемелерде, заңды мекенжайда немесе маңызды ақпараттағы өзгерістер туралы толтырылған хабарлама нысанын қоса алғанда, тиісті растаушы құжаттарды ұсына отырып, нақты пошталық мекенжайы және/немесе Клиенттің сәйкестендіру деректеріндегі басқа өзгерістерді Клиент шынайы, толық және нақты ақпаратты ұсынбауы осы Шартты бұзу болып саналатынын түсінетіндігін;
 - 16.1.2. ол өзіне қолданылатын кез келген заңнаманы және АХҚО Заңын, AIX CSD Бизнес-ережелерін, AIX CSD процедураларын, олар әрекетте болатын немесе болуы мүмкін және мезгіл-мезгіл өзгертілуі мүмкін екенін түсінеді және орындауға және оларға міндетті болуға келіседі. Клиент қолданыстағы АХҚО Заңына және AIX CSD Бизнес-ережелеріне, AIX CSD процедураларына сәйкестігін тоқтатуға әкелетін кез келген оқиға туралы AIX CSD-ге жазбаша түрде дереу хабардар ететіндігін;
 - 16.1.3. оның осы Шартты жасасуға, жеткізуге және орындауға құқықтық қабілетілігі, күші мен өкілеттіктері бар екендігін;
 - 16.1.4. Клиент осы Шартты оқиды, түсінеді және қабылдайды және оның барлық шарттары мен талаптарын сақтауға келіседі;
 - 16.1.5. Клиент осы Шарттың 3.2-тармағында көрсетілгендей, Шотты Кастодиандық қызметтер үшін пайдаланады;
- 16.2. AIX CSD төмендегілерді ұсынады, кепілдік береді және міндеттейді:
 - 16.2.1. ол АХҚО заңдарын және AIX CSD Бизнес-ережелерін, AIX CSD процедураларын, күшінде болатын немесе болуы мүмкін және мезгіл-мезгіл өзгертілуі мүмкін екенін түсінеді және оларға сәйкес болуға және оларға міндетті болуға келіседі;
 - 16.2.2. ол Клиент үшін бөлек Шотты жүргізеді және АХҚО заңдарына сәйкес және талаптарына сәйкес өз активтері мен Клиенттің Бағалы қағаздары арасындағы сегрегацияны қамтамасыз етеді;
 - 16.2.3. AIX CSD төлем қабілетсіздігі, тарату немесе таратуға байланысты басқа да оқиғалар болған жағдайда, АХҚО Бизнесі жүзеге асыру Ережелерінде белгіленген Клиенттің ақшалай қаражатын бөлу қағидаларын Клиенттің ақшалай қаражатын бөлуге пайдалануға;

16.2.4. Клиентке осы Шартта көзделген Кастодиандық қызметтерді ұсынуға.

17. ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ

17.1. AIX CSD Бизнес-ережелері, AIX CSD процедуралары және осы Шарт арасында кез келген сәйкессіздік болған жағдайда AIX CSD Бизнес-ережелері мен AIX CSD процедуралары Шарттан басым күшке ие болады. Осы Шарттың мәтіні басқа тілдерге аударылған жағдайда, Шарттың ағылшын тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.

18. ҚҰҚЫҚТАРДЫ БЕРУ

18.1. Клиент осы Шарт бойынша өзінің қандай да бір құқықтарын және/немесе міндеттемелерін басқа тұлғаға бере алмайды.

19. СЕРИКТЕСТІКТІҢ БОЛМАУЫ

19.1. Осы Шартта немесе Тараптар арасындағы қатынастарда ешнәрсе Тараптар арасындағы қандай да бір әріптестік қатынастарды туғызбайды, құрамайды және олар туралы куәлік етпейді.

20. ТҮЗЕТУЛЕР

20.1. AIX CSD осы Шарттың кез келген шарттарын Қосымшада, aixkz.com сайтында орналастыру немесе Клиентке осындай түзетулер туралы Хабарлама жіберу арқылы біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы. Осы Шарттың ағымдағы нұсқасы веб-сайтта aixkz.com ұсынылатын болады және осындай өзгерістер енгізілгеннен кейін Клиенттің Шотты қолдануын жалғастыруы Клиенттің олармен іс жүзінде танысқанына/таныспағанына қарамастан, Шартқа барлық өзгерістердің міндетті екендігіне Клиенттің келісімін білдіреді. Егер Клиент Шарттағы өзгерістермен келіспесе, Клиент осы Шарттың 11.5 тармағына сәйкес Шартты бұзуға міндетті.

21. ЕСЕПТЕР

21.1. Клиент Қосымша арқылы немесе AIX CSD уақыт өте келе ұсынатын кез келген басқа қосымша, веб-портал, электрондық жүйе немесе өзге де цифрлық құрал арқылы Шоттағы қалдық туралы үзінді көшірмені және Шот бойынша қозғалыстар туралы есептерді қалыптастыра алады.

21.2. Кез келген осындай қосымшаны, веб-порталды, электрондық жүйені немесе өзге де цифрлық құралды ұсыну және оның тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету AIX CSD-нің қалауына байланысты жүзеге асырылады және осы Келісім бойынша AIX CSD-нің міндеттемесі болып табылмайды. AIX CSD кез келген уақытта осындай қол жеткізу құралдарын өзгертуге, ауыстыруға, олардың жұмысын тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы. Осындай қол жеткізу құралдарының өзгертілуі, жұмысының тоқтатылуы немесе тоқтатылуы Клиенттің Шотына немесе AIX CSD жүргізетін оған қатысты жазбаларға әсер етпейді.

22. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

22.1. AIX CSD-ге белгілі болған шамада, AIX CSD мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін фактілер немесе жағдайлар жоқ екенін хабарлайды. Егер осы Шартқа қол қойғаннан кейін AIX CSD мүдделер қақтығысын анықтаса немесе хабардар болса, AIX CSD мұндай қақтығыстар туралы Клиентке жазбаша түрде дереу және толық хабар береді.

23. РЕТТЕУШІ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

23.1. Осы Шарт АХҚО заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

23.2. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында қандай да бір дау туындаса, AIX CSD мен Клиент 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде сот процесіне жүгінбей дауларды реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс. Егер Клиент пен AIX CSD дау бойынша келісімге келмесе, осы Шарт бойынша немесе оған байланысты кез келген дау, оның бар болуына, жарамдылығына немесе тоқтатылуына қатысты кез келген мәселені қоса алғанда, алдымен оның Төрелік ережелеріне сәйкес АХҚО Халықаралық Төрелік Орталыққа («IAC») қарауға берілуі мүмкін. Шешілмеген даулар АХҚО Сотының ережелеріне және Регламентіне сәйкес АХҚО Сотының қарауына беріледі және түпкілікті шешіледі.